# Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 мамырда № 11234 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.05.2023 № 343 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-11) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.05.2023 № 343 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және аттестаттау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.05.2023 № 343 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3)

тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Инвестициялар және даму министрінің*
*міндетін атқарушы* *Ж. Қасымбек*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
_____________ А. Сәрінжіпов
2015 жылғы 4 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және әлеуметтік
даму министрі
_____________ Т. Дүйсенова
2015 жылғы 10 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____________ Е. Досаев
2015 жылғы 28 сәуір

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушының
2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 355 бұйрығына 1-қосымша

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиялары туралы ереже**

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.05.2023 № 343 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және
даму министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 355 бұйрығына
қосымша

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.05.2023 № 343 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 9-бабы 1-тармағының 26-11) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және ішкі су жолдарында пайдаланылатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау және "Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру", "Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау" мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың қолданысы Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында пайдаланылатын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелген кемелердің командалық құрамына қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының атқаратын лауазымдары бар адамдары олар әрбір кейінгі бес жыл өткен соң аттестатталуға жатады.

Кемелердің капитаны және олардың көмекшілері лауазымдарына тағайындалған адамдарға, су түбін тереңдету және су түбін тазарту снарядтары командирлері мен олардың көмекшілеріне, электрмеханиктерге және олардың көмекшілеріне, сондай-ақ осы лауазымдарды қоса атқаратын диплом алған адамдарға кәсіби диплом беріледі.

4. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау - кемені басқару,

оның ішінде кеме жүргізу және түбін тереңдету, Қазақстан Республикасында ішкі су жолдары бойынша кемелердің жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау, кемеде тәртіп сақтау, қоршаған ортаны қорғау, кемеге, кемедегі адамдарға, багажға және жүкке қауіп төндіруді болдырмау үшін қажетті командалық құрамның білім деңгейін анықтау үшін жүзеге асырылатын рәсім, ол әрбір кейінгі бес жыл аяқталғанда жүргізіледі;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру - кемелердің командалық құрамының адамдарына біліктілік деңгейін анықтау жөнінде жүзеге асырылатын рәсім, оның қорытындылары бойынша кәсібі дипломдар беріледі.

## 2-тарау. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру тәртібі

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарын диплом беруге көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – "Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) санамаланған құжаттарды ұсына отырып, осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген тиісті білімі бар адамдар жіберіледі.

6. "Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – 1-мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 16.08.2024 № 282 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру кезінде компьютерлік кешеннің тестілік бағдарламасымен емтихан өткізу арқылы өтініш берушілердің теориялық білімдерін тексеру жүзеге асырылады.

Емтихандар "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамында (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес уәкілетті органның интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар бойынша өткізіледі.

Кемелердің командалық құрамы тұлғаларының кәсіби дипломдарын ресімдеуді көрсетілетін қызметті беруші емтиханның оң нәтижесі болған жағдайда жүзеге асырады.

8. Кәсіптік дипломды немесе кәсіптік дипломның телнұсқасын алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге " электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы "Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген құжаттарды жолдайды.

"Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде 1-мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын 1-мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар баяндалған.

9. Өтініш бергеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетке" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

10. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

11. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс күндері сағат 16:00-ден кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде 1-мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

12. Көрсетілетін қызметті алушы "Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының, ол ұсынған құжаттар мен мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына, Рұқсат беру талаптарына және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 19 қазандағы № 995 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12824 болып тіркелген) Кәсіби дипломды және кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттаудан өткізу туралы анықтаманы беру үшін рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне (бұдан әрі – Рұқсат беру талаптары) сәйкестігін тексереді.

13. Көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы мына:

жеке басын куәландыратын;

медициналық комиссияның кемедегі жұмысқа жарамдылығы туралы қорытындысы ("Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР

ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) 073/е нысаны бойынша медициналық анықтама);

жүзу өтілін растайтын;

жоғары немесе орта білімнен кейінгі білім туралы (диплом) құжаттар туралы мәліметтерді алады.

14. Көрсетілетін қызметті алушы мен ұсынылған құжаттар сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" емтиханды өткізу орны мен уақыты көрсетіледі.

15. Мемлекеттік қызмет 1 көрсету мерзімі "Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген.

16. Портал арқылы келіп түскен ұсынылған құжаттардың толық ұсынылмау және ( немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсыну фактісі анықталған жағдайда , көрсетілетін қызметті беруші тіркелген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы еркін нысанда дәлелді жауап жібереді.

17. Осы Қағидалардың "Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша 1-мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес 1-мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, көрсетілетін қызметті алушыға 1-мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны жолдайды.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73 -бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға кәсіби диплом немесе бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 16.08.2024 № 282 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Кәсіби диплом көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында ресімделеді. 1-мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Кәсіптік диплом "Кәсіптік диплом нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 22 қазандағы №

1000 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12551 болып тіркелген) нысан бойынша ресімделеді.

19. Диплом беруден өткен адамдарға берілген кәсіби дипломда кеме тобы және олар атқара алатын лауазымы көрсетіледі.

20. Кемелердің командалық құрамының мүшелері екінші сабақтас мамандық бойынша кәсіби қайта даярлау бағдарламасы бойынша оқығаннан кейін, сондай-ақ өздігінен жүретін кемелердің командалық құрамына жататын лауазымдарда ішкі су жолдарында тиісті жүзу өтілі бар болған кезде тиісті сабақтас мамандыққа диплом беруден өтеді.

21. Жүрдек кемелердің командалық құрамының кәсіби дипломы бар адамдары басқа кемелерге жұмысқа ауысу үшін капитан, 1-2-топтағы кемелер механигі немесе капитанның аға көмекшісі және 3-5-топтағы кемелер механигінің бірінші көмекшісі лауазымындағы жұмысы үшін диплом беруден өтеді.

22. Су түбін тереңдету және су түбін тазарту снарядтарында жұмыс істеу үшін кеме механиктері, электрмеханиктер мен олардың көмекшілері кәсіби дипломдарын алу үшін диплом беру өздігінен жүретін немесе өздігінен жүрмейтін су түбін тереңдету және су түбін тазарту снарядтарындағы командалық лауазымда жүзу өтілі болған кезде жүзеге асырылады.

23. Жүрдек кемелердің командалық құрамының механикалық мамандығы бар адамдары (немесе кеме жүргізушісі және кеме механигі лауазымдарын қоса атқаратын) механикалық мамандық бойынша дипломдары болған және ішкі суда жүзу кемелерінде жұмыс істейтін адамдар ретінде кезекті диплом беруден өткен кезде ғана жұмысқа жіберіледі.

24. Біліміне сәйкес диплом беруге:

1) кемелерге және барлық топтардың су түбін тереңдету және су түбін тазарту снарядтарына – тиісті мамандық бойынша жоғары және (немесе) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарын бітірген адамдар;

2) кемелерге және 1-3-топтардың су түбін тереңдету және су түбін тазарту снарядтарына – 2-топтағы жолаушылар кемелерінің капитандарының, кемелердің барлық түрлерінің капитандары мен 3-топтағы бірінші штурмандарының лауазымдарынан басқа тиісті мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарын бітірген адамдар;

3) барлық кеме жүргізуші, механикалық, электромеханикалық лауазымдарға ( жолаушылар кемелерінің капитандарынан басқа) 1-ші топтағы кемелер мен су түбін тереңдететін және су түбін тазартатын снарядтарға, үшінші штурман, механиктің үшінші көмекшісі, электромеханиктің екінші көмекшісі лауазымдарына 2-ші және 3-ші топтағы кемелерге; капитанның көмекшісі (екінші штурман), механиктің екінші көмекшісі, жүк және сүйреу кемелері электромеханигінің бірінші көмекшісі лауазымдарына 2-ші және 3-ші топтардың кемелеріне тиісті мамандық бойынша

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру оқу орындарын, ішкі жүзу кемелерінің командалық құрамын даярлау жөніндегі курстарды бітірген адамдар;

4) 55-тен 110 Квт (75 - 149 ат күші) дейінгі қуаты бар кемелерге - жоғары және ( немесе) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім дипломы бар, сондай-ақ осы кемелерді басқару бойынша бір айдан кем емес тағылымдамадан өткен адамдар жіберіледі.

25. Алып тасталды - ҚР Көлік министрінің 16.08.2024 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет 1 көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы 1-мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

### 3-тарау. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау тәртібі

27. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттауға көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес "Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – "Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) санамаланған құжаттарды ұсына отырып, осы Қағидалардың 42-тармағында көрсетілген адамдар жіберіледі.

28. "Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – 2-мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 16.08.2024 № 282 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау кезінде компьютерлік кешеннің тестілік бағдарламасымен емтихан өткізу арқылы өтініш берушілердің теориялық білімдерін тексеру жүзеге асырылады.

Емтихандар "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамында (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес уәкілетті органның интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар бойынша өткізіледі.

Кемелердің командалық құрамы адамдары үшін аттестаттаудан өткені туралы анықтамаларды ресімдеуді көрсетілетін қызметті беруші емтиханның оң нәтижесі болған кезде жүзеге асырады.

30. Кемелердің командалық құрамы адамдарының аттестаттаудан өткендігі туралы анықтаманы немесе кемелердің командалық құрамы адамдарының аттестаттаудан өткендігі туралы анықтаманың телнұсқасын алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметі" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы "Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген құжаттарды жолдайды:

"Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде 2-мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын 2-мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар баяндалған.

31. Өтініш бергеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетке" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

32. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

33. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс күндері сағат 16:00-ден кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде 2-мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

34. Көрсетілетін қызметті алушы "Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының, ол ұсынған құжаттар мен мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына және Рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексереді.

35. Көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы мына:

жеке басын куәландыратын құжаттар;

медициналық комиссияның кемедегі жұмысқа жарамдылығы туралы қорытындысы ("Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) 073/е нысаны бойынша медициналық анықтама) туралы мәліметтерді алады.

36. Көрсетілетін қызметті алушы мен ұсынылған құжаттар сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" емтиханды өткізу орны мен уақыты көрсетіледі.

37. 2-мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі "Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген.

38. Портал арқылы келіп түскен ұсынылған құжаттардың толық ұсынылмау және ( немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсыну фактісі анықталған жағдайда , көрсетілетін қызметті беруші тіркелген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы еркін нысанда дәлелді жауап жібереді.

39. Осы Қағидалар "Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша 2-мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес 2-мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, көрсетілетін қызметті алушыға 2-мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны жолдайды.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73 -бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға кемелердің командалық құрамының адамдарына аттестаттаудан өткені туралы анықтаманы не бас тарту туралы дәлелді жауапты береді.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 16.08.2024 № 282 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Кемелердің командалық құрамының адамдары үшін аттестаттаудан өткені туралы анықтама көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық

цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында ресімделеді. 2-мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

41. Кемелердің командалық құрамының адамдары үшін аттестаттаудан өткені туралы анықтама осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

42. Өздігінен жүретін кемелерде капитандар, ауысым капитандары мен олардың көмекшілері, су түбін тереңдету және су түбін тазарту снарядтарындағы командирлер мен олардың көмекшілері, сондай-ақ капитандардың, капитандардың көмекшілерінің, командирлер мен олардың көмекшілерінің лауазымын қоса атқаратын кемелер мен су түбін тереңдету және су түбін тазарту снарядтарындағы механиктер мен олардың көмекшілері лауазымын атқаратын барлық адамдар аттестаттаудан өтуге тиіс.

43. Аттестаттау үш түрге бөлінеді:

1) кемелердің, олардың ведомстволық тиістілігіне қарамастан командалық құрамының барлық адамдарына бес жылда бір рет өткізілетін кезекті;

2) олардың кінәсі бойынша авариялық көлік оқиғаларына жол берген кемелердің командалық құрамының адамдары үшін ғана қолданылатын кезектен тыс;

3) кемелерге басқа, теңіз бассейндерін қоса алғанда, жұмысқа келген адамдар үшін, сондай-ақ ұзақ үзілістен (бес жылдан астам) кейін кемелердің командалық құрамына қайтып келген адамдар үшін қолданылатын арнайы.

44. Кезекті аттестаттау жылы тиісті мамандық бойынша оқу орындарын аяқтаған адамдар, сондай-ақ сол жылы диплом беруден өткендер аттестаттаудан босатылады.

45. Алып тасталды - ҚР Көлік министрінің 16.08.2024 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Көрсетілетін қызметті беруші 2-мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер 2-мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

**4-тарау. Емтихан өткізу**

47. Емтихандар "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 537 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11347 болып тіркелген) Ішкі су жолдарымен жүзу қағидаларының (бұдан әрі - Ішкі су жолдарымен жүзу қағидалары), Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 74 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылы 17 наурызда № 10454 тіркелді) Кемелердегі қызмет жарғысының нормаларын білуге тапсырылады.

48. Емтихандарды өткізу нысаны - дара. Емтихан бір және бірнеше адамнан бір уақытта қабылданады. Бұл ретте бір уақытта емтихан тапсырушы адамдардың саны емтихандар тапсыру үшін жабдықталған жұмыс орындарының санына байланысты шектеледі.

49. Емтихан тапсырған кездегі сұрақтар саны жиырмадан аспайды. Емтихан тапсыру үшін бөлінген уақыт қырық минутты құрайды.

50. Уақыт хронометражы емтихан тапсыру басталған сәттен бастап компьютерлік кешенмен жүргізіледі. Сұрақтарға жауаптар бірізділігін өтініш беруші дербес таңдайды .

51. Емтихан өтініш берушіге арналған жұмыс орындарымен жабдықталған Мемлекеттік корпорацияның үй-жайында (емтихан сыныбында) өткізіледі.

Тестілеуді өткізу кезінде үй-жайды техникалық жарақтандыру бойынша ең төменгі техникалық талаптар осы Қағидаларға 9-қосымшада келтірілген.

52. Емтиханды өткізу кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері өтініш берушіге көрсетілген автоматтандырылған жұмыс орнына (бұдан әрі – АЖО) отыруды ұсынады. Кешен өтініш берушілердің АЖО қосылған Мемлекеттік корпорация қызметкерінің орталық пультінен (бұдан әрі – ОП) тұрады. Әрбір АЖО клавиатурамен және монитормен жабдықталған.

Емтихан басталар алдында мониторда АЖО нөмірі, жүзу ауданы және басқаруға емтихан тапсырылатын шағын көлемді кемелердің үлгісі, сондай-ақ осы АЖО белгіленген өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Көрсетілген ақпаратты енгізуді Мемлекеттік корпорация қызметкерінің ОП арқылы жүзеге асырылады.

Сұрақтардың емтихандық блогы өтініш берушінің АЖО клавиатурасында тиісті баспаны басқаннан кейін ғана монитор экранына қалыптасады және шығарылады.

Емтихан барысында өтініш берушінің АЖО мониторы экранында емтиханның аяғына дейін қалған уақыт көрсетіледі.

Емтихан тапсыру нәтижесі, сондай-ақ сұрақтарға берілген жауаптардың дұрыстығы туралы ақпарат өтініш берушінің АЖО мониторының экранында барлық сұрақтарға жауап беріліп болғаннан кейін немесе белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін көрінеді.

53. Емтихан аяқталғаннан кейін өтініш берушінің АЖО-ға оған ұсынылған сұрақтар , сондай-ақ таңдалған жауаптар экранға шығарылады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 16.08.2024 № 282 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Емтихан барысында автоматтандырылған кешенде ақау анықталған жағдайда, өтініш берушіге қойылған баға жойылады және емтихан қайта өткізіледі.

55. "Сынақтан өтті" деген баға өтініш беруші белгіленген уақытта сұрақтардың кемінде сексен пайызына дұрыс жауап бергенде қойылады. Олай болмаған жағдайда, өтініш берушіге "сынақтан өткен жоқ" деген баға қойылады.

"Сынақтан өтті" деген баға өтініш беруші емтиханға келмеген жағдайда да қойылады.

56. "Сынақтан өткен жоқ" деген бағаны алған адамдар емтихан тапсыруға жеті жұмыс күнінен ерте емес қайта тапсыруға жіберіледі.

57. Тестілеуден өтуді бағалау қорытындылары "Е-лицензиялау" ішкі веб-порталына жіберіледі.

## 5-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

58. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған, көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған, көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасаған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса не әрекет жасаса, ол шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

